

**Сандықтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3/4 "**

**Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 27/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 сәуірде № 7127 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 2/2 шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 22.01.2021 № 2/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Сандықтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сандықтау аудандық мәслихатының "Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5414 тіркелген, 2016 жылғы 17 маусымда "Сандықтауские вести" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сандықтау ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

8 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"8. Әлеуметтік көмек көрсетілетін атаулы және мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 15 ақпан – Ауғанстаннан әскерлерді шығару күні (бір жолғы);
- 2) 9 мамыр - Жеңіс Күні (бір жолғы);
- 3) 1 қазан - Қарттар күні (бір жолғы);

4) қазанның екінші жексенбісі - Қазақстан Республикасының мүгедектер күні (бір жолғы).";

9 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"9. Әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына беріледі:

Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдарға қатысушылар санынан адамдарға;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

ең төмен зейнетақы көрсеткішінен төмен алатын зейнеткерлерге;

барлық санаттағы мүгедектерге;

онкологиялық аурумен ауыратындарға;

туберкулез ауруларына;

табиғи апат немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға;

аз қамтылған азаматтарға, көп балалы отбасыларға;

18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғаларға;

аз қамтылған отбасылардан және халықтың әлеуметтік-әлсіз қабатынан шыққан студенттерге.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған негіздер;

2) табиғи зілзалананың немесе өрттің салдарынан, азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру немесе әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгіленбейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың бар болуы.";

10 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"10. Әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне:

Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдарға қатысушылар санынан адамдарға;

2) 9 мамыр - Жеңіс Күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген басқа санаттарына;

3) Қарттар күніне:

ең төмен зейнетақы көрсеткішінен төмен алатын зейнеткерлерге;

4) Қазақстан Республикасының мүгедектер күніне:  
барлық санаттағы мүгедектерге."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Д.Ильдебасев*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы*

*С.Клюшников*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Сандықтау ауданы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Г.Қадырова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК